Іске қосар алдында сорғылар жұмыс сұйықтығымен толтырылуы тиіс.

Нұсқау

Жылдың қыс мезгілінде, пайдаланысқа енгізер алдында, бітегіштерді шешіңіз және 5 сағат бойы қондырғыны акклиматизациялауды жүргізіңіз.



Ескертпе
Ыстық сұйықтықты айдаған жағдайда адамдардың жоғары температуралы беттермен абайсызда түйісіп қалуын болдырмайтын шараларды қолдану керек.

10.1 Hydro Multi-E жүйеде тіреуішпен


Hydro Multi-E тіреуішпен пайдалануға енгізу үшін, келесі операцияларды орындау қажет:

1. Hydro Multi-E жиынтығының тапсырыс көлеміне сәйкестігін және жеке бөлшектері мен тетіктерінің зақымданғанының бар-жоғын тексеріңіз.
2. Желілік ажыратқыштың көмегімен қорек кернеуінің берілуін ажыратыңыз.
3. Барлық сорғылардың автоматты ажыратқыштарын ажыратыңыз.
4. Мембраналы тегеурінді гидробактағы орнату қысымын тексеріңіз: ол 0,7 x айдаудың қажетті қысымын құрауы тиіс (орнатылған мән).

Нұсқау


Орнатылған қысым төмен қысымды жүйеде өлшенуі тиіс.

5. Су құбырын жалғаңыз және электр қорегінің желісін жүйеге қосыңыз.
6. Сорғылардың барлық сорып алатын және айдайтын клапандарын ашыңыз.
7. Ауа шығаратын бұрандалардың көмегімен сорғылардың ішіндегі ауаны шығарыңыз.



TM05 2008 4211

12-сур. SME-A/I сорғылары бар жүйедегі ауа шығару бұрандаларының орналасуы



TM05 2008 4211

13-сур. CR(I)E сорғылары бар жүйедегі ауа шығару бұрандаларының орналасуы

8. Қоректің ажыратқышының көмегімен жүйені іске қосу.
9. Сорғымен басқару панеліндегі іске қосу/тоқтату («start/stop») түймесін басып, 1 сорғыны іске қосу.
10. Ауа шығаратын бұрандалардың көмегімен 1 сорғыдан ауаны шығару.
11. Жүйедегі басқа сорғылар үшін 9 және 10 қадамдарды қайталау.
12. Қажетті айдау қысымын орнату.

Нұсқау Айдау қысымы өзгерген кезде, тиісінше мембранды бактегі тіреуде өзгеруі тиіс.

13. Суды қолданудың өзгеруіне сәйкес өндірімділігін өзгерте отырып, сорғылардың тиісті түрде іске қосылатынына және ажыратылатынына көз жеткізіңіз.

Енді Hydro Multi-E қондырғысы автоматты режимде пайдалануға дайын.

10.2 Hydro Multi-E тірексіз жүйеде

Назар аударыңыз


SME сорғылары бар Hydro Multi-E қондырғылары үшін іске қосу және жұмыс істеу кездерінде тіректің болғаны қажет. Сондықтан келесі іске қосу бойынша нұсқаулықтар тек CR(I)E сорғылары бар Hydro Multi-E қондырғыларына қатысты.

Тірексіз Hydro Multi-E пайдалануға енгізу үшін, келесі операцияларды орындау қажет:

1. Hydro Multi-E жиынтығының тапсырыс көлеміне сәйкестігін және жеке бөлшектері мен тетіктерінің зақымдары бар-жоқтығын тексеріңіз.
2. Желілік ажыратқыштың көмегімен қорек кернеуінің берілуін ағытыңыз.
3. Барлық сорғылардың автоматты ажыратқыштарын ажыратыңыз.
4. Мембраналы тегеурінді бактағы орнатылған қысымды тексеріңіз: ол 0,7 х қажетті айдау қысымын құрауы тиіс (орнатылған мән).

Нұсқау Орнатылған қысым төменгі қысымды жүйеде өлшенуі тиіс.

5. Су құбырын жалғаңыз және электр қорегінің желісін жүйеге қосыңыз.
6. Сорғының барлық сорып алатын клапандарын ашыңыз.
7. Сорғының барлық айдайтын клапандарын жабыңыз, барлық сорғыларға және сорып алатын құбыржелісіне су құйыңыз.



TM05 2008 4211

14-сур. Желдету және кері айналдыру жүйесінің бұрандаларының және бұрандасы бар тығындарының орналасуы

8. Басты ажыратқышты ажыратыңыз.
9. Автоматты ажыратқышты қосып, 1 сорғыны іске қосыңыз.
10. Желдеткіш және кері айналдыру жүйесінің бұрандаларының көмегімен сорғыдан ауаны шығарыңыз.
11. Айдау клапанын шамамен жартылай баяулап ашыңыз.
12. Жүйедегі басқа сорғылар үшін, 9 және 11 қадамдарды қайталаңыз.
13. Сорғылардың барлық айдайтын клапандарын баяулап толық ашыңыз.
14. Бірнеше минут күте тұрыңыз.
15. Айдауға қажетті қысымды орнатыңыз.

Нұсқау Айдаудың қысымы өзгерген кезде тиісінше тегеурінді гидробактегі тіреуіште өзгеруі тиіс.

16. Суды қолданудың өзгеруіне сәйкес өндірімділігін өзгерте отырып, сорғылардың тиісті түрде іске қосылатынына және ажыратылатынына тексеріңіз.

Енді Hydro Multi-E қондырғысы автоматты режимде пайдалануға дайын.

Құрылғыны пайдалануға енгізу бойынша қосымша нұсқаулар Қысқа нұсқаулықта келтірілген (Quick Guide).

10.3 Біліктің тығыздағышын жұмысқа бейімдеу

Біліктің тығыздағышының беті айдалатын сұйықтықпен майланады, сондықтан бұл сұйықтықтың тығыздағыш арқылы ағуы мүмкіндігін күтуге болады.

Сорғыны бірінші іске қосқан кезде немесе біліктің жаңа тығыздағышын орнатқан кезде, оны жұмысқа бейімдеу үшін, сұйықтықтың ағу деңгейі тиімді азайғанға дейін бір шама кезең қажет болады.

Бұл кезеңнің ұзақтығы пайдалану жағдайларына байланысты болады, яғни пайдалану жағдайындағы әрбір өзгеріс бейімдеудің жаңа кезеңін білдіреді.

Қалыпты жағдайда пайдалану кезіндегі ағатын сұйықтық буланып кететін болады. Соның салдарынан жылыстау табылмайды.

11. Пайдалану

Пайдалану шарттары 15. *Техникалық сипаттамалар* тарауында келтірілген.

11.1 Функциялары


Hydro Multi-E басқару жүйесінің келесі функциялары бар:

- Гидрожүйенің тұрақты қысымын реттеу.
- Аз шығын кезінде ажырату.
- Сорғылардың көмегімен сатылық реттеу.
- Қолмен пайдалану режимі: барлық жоғары сипаттамалы сорғыларды тоқтату немесе іске қосу.
- Қысым датчигінен сандық сигналдың кіруіне беру немесе құрғақ жұмыстан қорғауға арналған деңгейді бақылау релесі.
- Авариялық жағдайларда жұмыс істеу, егер бұндай функция орнатылған болса.
- Жүйені және сорғыларды бақылау:
 - құрғақ жұмыс істеуден қорғау (сандық сигналдың кіруі арқылы)
 - электр қозғалтқыштың қорғанышы
 - байланыс шинасы арқылы деректермен алмасу
 - датчиктің ақаулығы
- Дисплейдегі және сигнализация функциясындағы индикация:
 - жұмыс режимдерінің жарық сигнализациясы – жасыл түсті;
 - жұмысты және авариялық режимнің сигнализациясына арналған потенциалсыз түйісу, сонымен қатар пайдалануға әзірлігі;
 - жасыл түсті жарық индикациясы орнатылған мәнді көрсетеді.
- Grundfos CIU (CIU = Communication Interface Unit) байланыс интерфейсы құрылғысы арқылы шинаны ғимараттың инженерлік құрылғыларын диспетчерлеу жүйесімен қосу.

11.2 Қысым релесін баптау

15-сур. қар.

- ажырату қысымының мәндері, айырма және ажырату араларындағы қатынас,
- қысым релесінің анықтағыш параметрлері,
- авариялық режимде жұмыс істеуге арналған сорғылар саны.



15-сур. Жұмыс істеу қағидаты

TM02 9400 2504


11.3 Пайдалану режимдері

Пайдалану режимдері - бұл тұтынушыға қысымды жоғарылату қондырғыларын пайдалануға мүмкіндік беретін жағдайлар.

Келесі пайдалану режимдерінің болуы мүмкін:

- Тоқтату
Барлық сорғылар тоқтатылған
- Қалыпты (зауыттық орнатылым)
Бір немесе бірнеше сорғылар қысымның орнатылған мәнін қалыпты жағдайда ұстау режимінде жұмыс істейді.
- М. жоғ.
Барлық сорғылар мейілінше жоғары айналым жиілігімен жұмыс істейді. Пайдалану режимдерін Grundfos GO көмегімен басқару панелінен немесе байланыс шинасы арқылы орнатуға болады.

11.3.1 Қалыпты режим




TM02 4328 0602

16-сур. Hydro Multi-E пайдаланудың қалыпты режимінде, яғни тұрақты қысымды қалыпты жағдайда ұстау режимінде

Тұрақты қысымды қалыпты жағдайда ұстау режимінде Hydro Multi-E реттелетін параметрдің таңдалып берілген мәніне сәйкес өзінің өндірімділігін реттейді (қысым).

11.3.2 Ажырату режимі немесе пайдаланудың мейілінше жоғары режим

Пайдаланудың қалыпты режиміне қосымша ажырату режимін немесе пайдаланудың мейілінше жоғары режимін таңдауға болады. 17 сур. мысалға қар.



TM02 4318 0602

17-сур. Hydro Multi-E пайдаланудың мейілінше жоғары режимінде

Пайдаланудың мейілінше жоғары режимін, мысалы желдету немесе іске қосу режимімен бір уақытта таңдауға болады.

11.3.3 Электр қорегі үзілген жағдайдағы пайдалану шарттары

Hydro Multi-E электр қорегі үзілген жағдайда барлық орнату мәндері еске сақтау құрылғысында сақталады.

Hydro Multi-E қайта іске қосу, ажыратылар алдында қандай режимде болдса, сол режимде жүргізіледі.


11.3.4 Басқа да орнату мәндері

Ескертпе: Бұл құрылғыны Grundfos GO арқылы баптау бойынша нұсқаулар бұл Нұсқаулықта сипатталмаған. Баптаулардың сипаты Grundfos GO өзінің бағдарламалық қамтамасыздандыруында келтірілген.

11.4 Басқару панелінің көмегімен баптау

Hydro Multi-E басқару панелінің келесі басқару органдары бар 18-сур.:

- Берілген мәндерді енгізуге арналған және түймелері.
- Берілген мәнді көрсетуге арналған сары түсті жарық индикациясы өрісі.
- Пайдаланудың қалыпты (жасыл түсті) және авариялық (қызыл түсті) режимдерін индикациялауға арналған бақылаушы жарық диодтары.



TM02 8513 0304

18-сур. Үш фазалы Hydro Multi-E басқару панелі

11.4.1 Берілген мәнді баптау


Қажетті берілген мәнді орнату үшін немесе түймесін басу керек.

Басқару панелінің индикация өрісінде орнатылатын берілген мәнге сәйкес индикатор жанады.

11.4.2 Тұрақты қысым кезіндегі Hydro Multi-E жұмыс режимі

19-суретте индикация өрісінде 5 және 6 индикаторлардың жанғаны көрсетілген. Бұл индикаторлар датчиктің 0-ден 10 бар дейінгі өлшем диапазонындағы 5 бар таңдалған берілген мәнді көрсетеді.



Орнатылатын мәндердің диапазоны датчиктің өлшем диапазонына сәйкес келеді (датчиктегі фирмалық тақтаны қараңыз).





TM03 0236 4604

19-сур. Берілген мән 5 бар

11.4.3 Мейілінше жоғары сипаттамаларға сәйкес жұмыс режимін баптау

Hydro Multi-E мейілінше жоғары сипаттамада пайдалану режиміне ауысу үшін (жарық индикациясы өрісінің ең жоғарғы жарық диоды жыпылықтайды),  түймесін басыңыз және осы кезде ұстап тұрыңыз. Өрістің жоғарғы жарық диоды жанған кезде  түймесін тағы 3 секунд басып қалпында ұстап тұру қажет, индикация өрісіндегі жарық диоды жыпылықтауды бастамас бұрын.


Кейін қарай қайту үшін,  түймесін басып, реттелетін параметрдің қажетті берілген мәні жанғанға дейін, ұстап тұру керек.



20-сур. Мейілінше жоғары сипаттама

11.4.4 Іске қосу/тоқтату

Hydro Multi-E іске қосу үшін,  түймесін басып, қажетті орнатылатын мәнге сәйкес келетін индикатор жанғанға дейін, сол күйде басып ұстап тұрыңыз.

Hydro Multi-E тоқтату үшін  түймесін басып, жарық индикациясы өрісіндегі соңғы индикатор сөнгенге дейін және жасыл түсті бақылаушы жарық диоды жарқ ете қалғанға дейін, сол күйде басып ұстап тұрыңыз.

Ескертпе: Hydro Multi-E қысымды жоғарылату қондырғысы Grundfos GO арнайы байланыс (мобильді интерфейс - МИ) және бағдарламалық қамтамасыз ету құрылғысының көмегімен де бапталып басқарыла алады.

Grundfos GO арқылы бұл жабдықтарды баптау бойынша нұсқаулар бұл Нұсқаулықта сипатталмаған. Баптаулар сипаттамасы Grundfos GO өзінің бағдарламалық қамтамасыздандыруында келтірілген.

11.5 Сандық сигналдың кіруі

Hydro Multi-E ақаулықтың сыртқы сандық сигналына арналған кірумен жабдықталған. Бұл кіру ақаулықтың сыртқы сандық сигналымен жұмыс істеу үшін, алдын ала орнатылған және түйісулер тұйықталған кезде, ол жұмыс күйінде болады.

Функциональды диаграмма: сандық функцияның кіруі



Егер сандық сигналдың кіруі 10 секундтан артық жұмыс күйінде болатын болса, Hydro Multi-E «сыртқы ақаулар» себептерімен тоқтатылады.

Сандық сигналдың кіруі құрғақ жұмыс істеуден қорғану үшін қолданылады.


11.6 Байланыс шинасы арқылы сигнализация

Hydro Multi-E үшін RS-485 ретті интерфейс кіруі арқылы деректермен сырттай алмасуды жүргізу мүмкіндігі бар. Байланыс үшін үй ішіндегі коммуникацияларды басқару жүйесіне немесе басқарудың басқа сыртқы құрылғыларына қосылуға мүмкіндік беретін GENIbus байланыс шинасына арналған Grundfos деректермен алмасу протоколы қолданылады.

Grundfos CIU байланыс интерфейсі немесе үшінші жақтың шлюзі шлюз бола алады, CIU құрылғылары жәйлі толық мәліметті www.grundfos.com сайтында немесе Grundfos-тан алуға болады.

11.7 Жарық индикациясы жүйесінің жарық диодтары және сигнализация жүйесінің релелері

Hydro Multi-E пайдалану жағдайы басқару панеліндегі жарық индикациясы жүйесінің жасыл және қызыл түсті жарық диодтарының көмегімен қаралады, 21-сур. қар.



21-сур. Үш фазалы сорғылардың басқару панеліндегі жарық индикаторлары

Hydro Multi-E потенциалдан бос кіріктірілген реле арқылы берілетін сигналдың шығуымен жабдықталған.

Төменде келтірілген кестеде реле сигнализациясының және жарық индикациясы жүйесінің екі жарық диодының функциялары ұсынылған:

Қателік индикациясын түсіру

Қателік индикациясы (қызыл түсті жарық диоды) қателік шеттетілісімен, автоматты түрде түсіріледі.

Индикацияның жарық диодтары		Сигнализация жүйесінің релесі мына режимде жұмыс істейді:			Сипаты
Іркіліс (қызыл)	Жұмыс (жасыл)	Іркілістер	Жұмыстар	Жұмысқа дайындықтар	
Ажырату	Ажырату				Электр қорегі ажыратылған.
Ажырату	Үнемі жанып тұрады				Hydro Multi-E пайдаланыста.
Ажырату	Жыпылықтап тұрады				Hydro Multi-E басқару панелінде немесе GENIbus байланыс шинасы арқылы ажыратуға бұйрық берілді.
Үнемі жанып тұрады	Ажырату				Hydro Multi-E іркіліс салдарынан тоқтатылған және қайтадан іске қосылуға талпынатын болады. «Датчик сигналы рұқсат етілген мәннен тысқары жерде» болған жағдайда, Hydro Multi-E тоқтатылады, ал ақаулық индикаторын, сигналдың датчигі рұқсат етілген диапазонның шегінде болмайынша, түсіруге болмайды.
Үнемі жанып тұрады	Үнемі жанып тұрады				Hydro Multi-E қондырғысы әлі жұмыс істеп тұр, бірақ бір немесе екі сорғы ақаулы. Қателік жойылған кезде, қателік автоматты түрде түсіріледі.
Үнемі жанып тұрады	Жыпылықтап тұрады				Hydro Multi-E басқару панелінде немесе GENIbus байланыс шинасы арқылы ажыратуға бұйрық берілді, бірақ бір немесе екі сорғы ақаулы.

11.8 Оқшаулауды тесілмеуіне сынау

Назар
аударыңыз

Оқшаулаудың жабдықты тесуіне сынақ жүргізуге тыйым салынады, өйткені бұл жабдықтың ішіндегі электрониканың істен шығуына әкеліп соғуы мүмкін.

11.9 Құрғақ айналымнан қорғау

Hydro Multi-E қондырғысы стандартты орындалымында құрғақ айналыстан қорғау үшін қызмет ететін реттелетін қысым релесімен жабдықталған. Қысым релесі сорып алатын құбырға орнатылады.

Егер сорып алу қысымы төменгі қайта қосу нүктесінен төмен болса, жүйе іске қосылмайды.


Нұсқау

Егер қысым релесі сорып алудың тым төмен қысымы салдарынан жүйені жұмыс істеу кезінде тоқтатса, бұндай қысым жүйенің қайта қосылғанына дейін, қайта қосудың жоғарғы нүктесінің берілген мәнінен асатын мәнге дейін көтерілуі тиіс.

Қажет болған жағдайда А бұрандасын бұрап қайта қосудың төменгі нүктесін баптаңыз және қайта қосудың жоғарғы нүктесін оның мәні қайта қосудың төменгі нүктесінен жоғары болатындай қылып, В бұрандасын бұрап реттеңіз. 22-сур. қар.

Нұсқау

Қайта қосудың төменгі нүктесі сорып алудың мейілінше төмен қысымынан төмен болмауы тиіс.



TM05 8436 2313

22-сур. Қайтақосу нүктелерін реттеу

Жабдықты пайдалану және баптау бойынша қосымша нұсқаулар Қысқаша нұсқаулықта келтірілген (Quick Guide).

12. Техникалық қызмет көрсету



Ескертпе

Hydro Multi-E техникалық қызмет көрсету жұмыстарын бастамас бұрын оны жұмысты бастағанға дейін, 5 минут бұрын міндетті түрде электр желісінен ажыратыңыз және жабдықтың абайсызда қосылып кететінін болдырмайтын шараларды қолданыңыз.

12.1 Сорғылар

Сорғылардың мойынтіректері мен біліктің тығыздағыштары техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді.

Егер ұзақ уақыт тоқтап тұрған кезде, CR(I)E сорғысынан айдалатын сұйықтықты ағызып жіберу қажеттігі туындайтын болса, муфта мен сорғының бас жақ бөлігі аралығындағы біліктің бетіне силиконды майдың тамшыларын шашырату үшін, муфтаның қаптамаларының біреуін ағытып алу қажет – бұл білік тығыздағышының бетінің жабысып қалуынан қорғайды.

12.2 Электр қозғалтқыштар

Электр қозғалтқышты және электронды блокты лайықты түрде салқындатуды қамтамасыз ету үшін, электр қозғалтқыштың салқындату жүйесінің желдеткіші мен қалақтары жарты жылда бір рет кірден тазартылып отыруы тиіс.

12.2.1 Электр қозғалтқыштың мойынтіректері

Қуаттылығы 5,5 кВт дейінгі электр қозғалтқыштар техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді.

CR(I)E сорғылары: Маусымдық пайдалану жағдайында (электр қозғалтқыш жылына 6 айдан артық тоқтап тұрады) Hydro Multi-E ажыратулы тұрған кезде, электр қозғалтқыштың мойынтіректерінің майлауын айырбастау ұсынылады.

12.3 Басқару шкафы және сақтандырғыштар блогы

Басқару шкафы және сақтандырғыштар блогы техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді. Олар құрғақ жерде, таза күйінде ұсталуы тиіс.

Бұйым барлық қызмет атқару мерзімінде кезеңдік диагностика жасауды қажет етпейді.

13. Істен шығару

Hydro Multi-E қондырғысын ажырату үшін, басқару шкафындағы немесе сақтандырғыштар блогындағы негізгі желілік ажыратқышты ағытыңыз.



Ескертпе

Негізгі желілік ажыратқышқа қарсы тұрған шығуларда кернеу болады.

Әр сорғы өзінің жеке ажыратқышы арқылы бөлек өшіріледі.

14. Төмен температуралардан қорғау

Егер сорғылар қысқы кезеңде пайдаланылатын болса, суық температураның әсерінен зақымдануды болдырмау үшін, олардың ішіндегі айдалатын сұйықтықты ағызып жіберу керек.

Сорғыдан айдалатын сұйықтықты ағызып жіберу үшін, сорғының бас жақ бөлігіндегі желдеткіш саңылауының бұрандасын түсіріп және оның негізіндегі ағызу саңылауының бұрандалы тығынын бұрап ағытып алу керек.

Сорғыны келесі пайдаланысқа енгізгенге дейін ағызу саңылауының бұрандалы тығынын бұрамаңыз және желдеткіш саңылауының бұрандасын қатайтып тартпаңыз.

15. Техникалық сипаттамалар

Қоршаған ортаның температурасы

Қоршаған ортаның температурасы 0 ден +40 °С дейін өзгеруі мүмкін, электр қозғалтқыш бұндай жағдайда толық жүктемеде жұмыс істей алады. Егер қоршаған ортаның температурасы +40 °С жоғары болатын болса, немесе электр қозғалтқыш теңіз деңгейінен 1000 метр деңгейде жұмыс істейтін болса, сорғының электр қозғалтқышының (P2) қуаттылығы төмендетілуі тиіс.

Айдалатын сұйықтықтың температурасы

+5 °С тен +60 °С дейін.

Сақтау/тасымалдау температурасы

-30 °С дан +60 °С дейін.

Ауаның тиісті ылғалдылығы

Мейілінше жоғарғысы 95 %.

Мейілінше жоғары жұмыс қысымы

Hydro Multi-E арналған мейілінше жоғары қысым 10 бар құрайды.


Бірақ келесі сорғылар үшін мейілінше жоғары қысым 16 бар құрайды:

- CME-I 5-6
- CME-I 5-8
- CR(I)E 3-15
- CR(I)E 5-16
- CR(I)E 10-9
- CR(I)E 15-7.

Тіреуіштің мейілінше төмен қысымы

Назар аударыңыз

CME сорғылары бар Hydro Multi-E қондырғысы үшін іске қосу және жұмыс істеу кезінде тіреуіші болуы қажет.



TM02 0118 3800

23-сур. Тіреуіштің мейілінше төмен қысымын есептеуге арналған параметрлер

Тіреуіштің мейілінше төмен қысымы «Н» сұйықтық метрлерде, сорғыдағы кавитация қауіптілігін жоюға қажетті былай есептеледі:

$$H = p_b \times 10,2 - NPSH - H_f - H_v - H_s$$

p_b = Барометрлік қысым бармен көрсетілген. (1 бар. тең қабылдануы мүмкін) Жабық жүйелерде p барда көрсетілген жүйедегі қысымды көрсетеді.

$NPSH$ = Сорып алушы келте құбырдың астындағы сұйықтықтың баған биіктігі, су бағанының метрлерімен есептеледі. (Сорғының мейілінше жоғары беруі кезінде қысық $NPSH$ (1 Қосымшадан қар.) бойынша айқындалады).

H_f = Сорғының мейілінше жоғары беруі кезіндегі сорып алу магистраліндегі үйкеліс шығындары.

H_v = Су бағанының метріндегі қою будың қысымы, 15. Техникалық сипаттамалар қар.

t_m = жұмыс сұйықтығының температурасы.

H_s = Аз дегенде 0,5 метрді құрайтын, сенімділік қоры.

«Н» есепті тегеуріннің мәні оң болған жағдайда, сорғы су бағанында «Н» м. мейілінше жоғарғы биіктікте жұмыс істей алады.

«Н» есепті тегеуріннің мәні теріс болған жағдайда, су бағанында «Н» м мейілінше аз тіреуіш қажет. «Н» тегеурінінің есепті мәні сорғының барлық жұмыс уақыты бойы өзгермей ұсталуы тиіс.

Мысал

$p_b = 1$ бар.

Сорғы типі: CRE 15, 50 Гц.

Шығын: 15 м³/сағ.

$NPSH$ (1 Қосымшадан): 1,2 су бағ.

$H_f = 3,0$ м ағын су.

Айдалатын ортаның температурасы: +60 °С.

$H_v = 2,1$ су бағанының метрі.

$H = p_b \times 10,2 - NPSH - H_f - H_v - H_s$ [су бағанының метрлерінде].

$H = 1 \times 10,2 - 1,2 - 3,0 - 2,1 - 0,5 = 2,8$ су бағанының метрлерінде.

Бұл әрбір сорғы 2,8 метр биіктіктен сұйықтық соруы тиістігін білдіреді.

Барға ауыстырып есептегендегі қысым: $2,8 \times 0,0981 = 0,27$.

кПа ауыстырып есептегендегі қысым: $2,8 \times 9,81 = 27,4$.

Тіреуіштің мейілінше жоғары қысымы

Тіреуіштің мейілінше жоғары қысымы 8 бардан аспауы тиіс.

Бірақ шын мәнісінде тіреуіш қысымы+шығудағы ысырма жабық тұрған кездегі сорғының қысымы (нөлдік берілі кезінде) мейілінше жоғарғы жымыс қысымынан артпау керек.

Мейілінше аз шығын

Қызып кетуді болдырмау үшін, бір сорғының номиналды шығынынан 10 % төмен шығын кезінде сорғы пайдаланылмауы керек.

Нұсқау

Сорғы нөлдік берілуде жұмыс істемейуі тиіс.

Іске қосу/тоқтату

Қорек желісінен қосылу/ажыратылу саны сағатына 4 реттен аспауы тиіс.

Hydro Multi-E қорек желісіне қосқан кезде, қондырғы 5 секундтан кейін жұмыс істеуді бастайды.

Мембраналы тегеурінді гидробак

Мембраналы тегеурінді гидробак қысымының орнатылатын мәні – 0,7 x уставка.

Дайындаушы-зауыттың уставкасы – 0,5 x мейілінше жоғары қысым, Hydro Multi-E бойынша нұсқаулықта сипатталған жағдайларды қоспағанда.

Егер қондырғылар өзгертін болса, мембраналы тегеурінді гидробактың орнатылатын қысымы тиімді жұмысты қамтамасыз ету үшін өзгеруі тиіс.

Гидробактың орнатылатын қысымы келесі түрде есептеледі:


Орнатылатын қысым = 0,7 x орнатылым.

Нұсқау

Орнатылған қысым төменгі қысымды жүйеде өлшенуі тиіс.

Гидробактағы алдын ала қысымды орнату үшін, азот тотығын пайдалану ұсынылады.

Қоюланған булар қысымы



TMOO 3037 3493

Үш фазалы электр қозғалтқышы бар Hydro Multi-E техникалық деректері

Қорек кернеуі

3 x 380-480 В ±10 %, 50/60 Гц, PE (қорғанышты жерге тұйықталуымен).

Кабель: 6-10 мм².

Техникалық деректері бар тақташаны қара.

Ұсынылатын сақтандырғыштар

Қуаттылығы 1,5 тен 5,5 кВт дейін электр қозғалтқыштар үшін: м.ж. 16 А.

Тез әсерлі және инерциялы әсерлі стандартты сақтандырғыштар қолданылуы мүмкін.

Жерге жылыстайтын ток

Электр қозғалтқыштың қуаттылығы [кВт]	Қондырғыдағы сорғылар саны	Жерге жылыстайтын ток [мА]
3,0	2	< 7
(қорек кернеуі < 460 В)	3	< 10,5
3,0	2	< 10
(қорек кернеуі > 460 В)	3	< 15
4,0 - 5,5	2	< 10
	3	< 15
5,5, 4-полюсті	2	< 20
	3	< 30
7,5, 4-полюсті	2	< 30
	3	< 35

Кірулер/Шығулар

Сандық кіру

Сыртқы потенциалсыз қайтақосқыш ҚОСУ-АЖЫРАТУ.

Кернеу: тұрақты токтың 5 В.

Ток: < 5 мА.

Экрандалған кабель: 0,5-1,5 мм².

Датчиктің сигналдары

- Кернеу сигналы
Кернеуі 0-10 В, R_i > 50 кОм тұрақты ток (кіріктірілген қорек кернеуі көзі арқылы).
Кернеудің мейілінше жоғары сигналы кезіндегі рұқсат етілген: +0 % / -3 %.
Экрандалған кабель: 0,5-1,5 мм².
Кабельдің мейілінше үлкен ұзындығы 500 м.
- Ток сигналы
Тұрақты ток 0-20/4-20 мА, R_i = 175 Ом.
Рұқсат: +0 % / -3 % макс. ток сигналында.
Экрандалған кабель: 0,5-1,5 мм².
Кабелдің макс. ұзындығы: 500 м.
- Датчиктердің қорек кернеуі:
Тұрақты токтыкі +24 В, мейілінше жоғарғысы 40 мА.

Сигнализация жүйесінің шығуы

Потенциалсыз коммутациялау түйісуі.

Түйісудің мейілінше жоғары жүктелімі: 250 В ауыспалы токтыкі, 2 А.

Түйісудің мейілінше төмен жүктелімі: 5 В тұрақты токтыкі, 10 мА.

Экрандалған кабель: 0,5-2,5 мм².

Кабельдің мейілінше үлкен ұзындығы: 500 м.

Байланыс шинасын қосу

Grundfos шинасының протоколы, GENIbus протоколы, RS-485.

Экрандалған үш тармақты кабель: 0,5-1,5 мм².

Кабельдің мейілінше үлкен ұзындығы: 500 м.

Басқада техникалық деректер

ЭМУ (электромагнитті үйлесімдік)

Тұрғын үй-жайлар - шексіз пайдалану, 51318.11 МемСТ Р сәйкес, Б класы, 1 топ.

Өндірістік үй-жайлар - шексіз пайдалану, 51318.11 МемСТ Р сәйкес, А класы, 1 топ.

Қосымша ақпарат алу үшін, Grundfos компаниясына жүгініңіз.

Қорғаныш дәрежесі

Стандартты: IP54

Оқшаулау сыныбы

F.

Қоршаған ортаның температурасы:

- Жұмыс уақытында: 0 °С ден +40 °С дейін.
- Сақтау және тасымалдау кезінде: -30 °С ден +60 °С дейін.

Ауаның тиісті ылғалдылығы

Мейілінше жоғарысы 95 %.

Дыбыстық қысымның деңгейі

Үш фазалы сорғылары бар Hydro Multi-E

Электр қозғалтқыштың қуаттылығы [кВт]	Қондырғыдағы сорғылар саны		Дыбыстық қысымның деңгейі [дБ(А)]
	2	3	
3,0	•		67
		•	69
4,0	•		71
		•	73
5,5	•		71
		•	73
7,5	•		71
		•	73

Сақтандырғыш клапандар жұмыс істеп тұрған кезде, ыдыстағы қысымның шамадан артуына жол берілмейді.

16. Ақаулықтың алдын алу және жою

**Ескертпе**

Hydro Multi-E ақауларын іздеуді бастамас бұрын оны бұған дейін 5 минут бұрын міндетті түрде электр желісінен ажыратыңыз және жабдықтың абайсызда қосылып кететінін болдырмайтын шараларды қолданыңыз.

Ақау	Себебі	Жою
1. Іске қосар кезде электр қозғалтқыш жұмыс істемейді.	a) Қысымның ағымдағы мәні орнатылған мәнге тең немесе одан артады.	Қысым құлағанша күте тұру керек немесе Hydro Multi-E іске қосылатындығын тексеру үшін, оны Hydro Multi-E тегеурінді желіінде төмендету керек.
	b) Электр қорегінің іркілістері.	Электр қорегін қосу.
	c) Ажыратқыш ағытылады.	Ақауды шеттеу және ажыратқышты қосу.
	d) Электр қозғалтқышқа кіріктірілген қорғаныш іске қосылды.	Grundfos компаниясына жүгініңіз.
	e) Ажыратқыштың ақауы.	Автоматты ажыратқышты айырбастау.
	f) Электр қозғалтқыштың ақауы.	Электр қозғалтқышты жөндеу немесе айырбастау.
	g) Қысым датчигінің ақауы. – Қысым датчигі істен шықты. – Кабельдің зақымдалуы немесе қысқа тұйықталуы.	Қысым датчигін айырбастау. 0-20 мА немесе 4-20 мА сигналдарының шығуы бар датчиктер Hydro Multi-E бақыланады. Кабельді жөндеу немесе айырбастау.
2. Электр қозғалтқыш іске қосылады, бірақ осыдан кейін бірден тоқтайды. Пайдалану қысымы қамтамасыз етілмейді.	a) Құрғақтай жұмыс істеу немесе сорып алудың қысымының жоқтығы.	Hydro Multi-E судың берілуін тексеру. Сорып алу қысымын қажетті мәнге дейін көтергеннен кейін сорғының қайталап іске қосылуы 15 секундтан кейін болады.
3. Hydro Multi-E тоқтап қалды және жұмысын жаңғырта алмайды.	a) Қысым датчигінің ақаулығы. – Қысым датчигі істен шықты. – Кабельдің зақымдануы немесе қысқаша тұйықталуы.	Қысым датчигін айырбастау. 0-20 мА немесе 4-20 мА сигналдарының шығуы бар датчиктер Hydro Multi-E бақыланады. Кабельді жөндеу немесе айырбастау.
	b) Басқару блогының ақаулығы. – 1 сорғыда электр қорегі ажыратылған. – Басқару блогы ақаулы.	Электр қорегін қосу. 1 сорғыда клеммалы қорапты айырбастау. Grundfos компаниясына жүгініңіз.
4. Hydro Multi-E суды тұрақсыз беруі (тұтынудың өте төмен деңгейіне жатады).	a) Сорып алудың қысымы тым төмен.	Сорып алатын құбырды/сорғыны және торша қабылдау сүзгісін, егер ондай болса, тексеру.
	b) Сорып алатын құбыр/сорғылар жартылай балшықпен бітелген.	Сорып алатын құбырды/сорғыны тазалау.
	c) Сорғылар ауа сорады.	Сорып алатын құбырда жылыстаудың жоқтығын тексеру.
	d) Қысым датчигінің ақаулығы.	Қысым датчигін айырбастау.
5. Сорғылар жұмыс істеуде, бірақ судың берілуі жоқ.	a) Сорып алатын құбыр/сорғылар балшықпен бітелген.	Сорып алатын құбырды/сорғыны тазалау.
	b) Кері клапан жабық күйінде блокталған.	Кері клапанды жуып шаю. Ол кедергісіз жылжуы тиіс.
	c) Сорып алатын құбырдың герметизациясының бұзылуы.	Сорып алатын құбырда жылыстаудың жоқтығын тексеру.
	d) Сорып алатын құбырға/сорғыларға ауа кіруі.	Сорғылардан ауаны шығару. Сорып алатын құбырда жылыстаудың жоқтығын тексеру.
6. Hydro Multi-E орнатылған мәнге жете алмайды.	a) Кабельдің зақымдануы немесе қысқа тұйықталуы (1 сорғы және 2/3 сорғының арасындағы GENIbus арқылы байланыс).	Кабельді жөндеу немесе айырбастау.
	b) 2 немесе 3 сорғылар жұмыс істемейді.	Электр қорегін сорғыға қосу және сорғының күйін тексеру.
7. Білік тығыздағышы арқылы ағу.	a) Білік тығыздағышының зақымдануы.	Біліктің тығыздағышын айырбастау.
	b) CR(1)E сорғылары: Сорғының білігі биіктігі бойынша дұрыс қойылмаған.	Сорғы білігінің күйін биіктігі бойынша реттеуді қайталау.
8. Шулар.	a) Сорғылардағы кавитация.	Сорып алатын құбырды/сорғыны және торша қабылдау сүзгісін, егер ондай болса, тазалау.
	b) CR(1)E сорғылары: Білік биіктігі бойынша дұрыс қойылмауының салдарынан (үйкеліс қарсыласуы) сорғылар еркін айнамайды.	Сорғы білігінің күйін биіктігі бойынша реттеуді қайталау. Hydro Multi-E бірге жеткізілетін, CR, CRI, CRN сорғыларына арналған құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.
9. Өте жиі қосу-ажырату.	a) Тегеурінді гидробактегі тіреуіш дұрыс таңдалмаған.	Тегеурінді гидробактегі тіреуішті тексеру.
	b) Іске қосу қысымы мен тоқтату арасындағы айырмашылық тым аз. Назар аударыңыз: Бұндай жағдай тек авариялы режим болған кезде ғана болуы мүмкін.	Әрбір қысым датчигіндегі қысым айырмасының берілген көлемін ұлғайту.

17. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

18. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

Grundfos Holding A/S Концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*

* нақты дайындаушы ел жабдықтың фирмалық тақтасында көрсетілген.

Дайындаушымен өкілетті тұлға/Импорттаушы**:

«Грундфос Истра» ЖАҚ

143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободск а/к, Лешково ауылы, 188-үй

Орта Азия бойынша импорттаушы:

Грундфос Казахстан ЖШС

Казақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7

** импорттық жабдыққа қатысты көрсетілді.

Ресейде дайындалған жабдық үшін:

Дайындаушы:

«Грундфос Истра» ЖАҚ


143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободск а/к, Лешково ауылы, 188-үй

Жабдықтың қызметтік мерзімі 10 жылды құрайды.


Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

Приложение 1


NPSH




TM01 9884 1103




TM05 2004 4211




TM02 7125 2703




TM05 2005 4211



TM02 7126 2703



TM05 2006 4211



TM02 7127 2703

RU

Насосные установки Hydro Multi-E, изготовленные в России, сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU C-RU.АИ30.В.00638 срок действия до 26.03.2019 г.

Насосные установки изготовлены в соответствии с ТУ 3631-002-59379130-2005.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.



Насосные установки Hydro Multi-E сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU C-DK.АИ30.В.01172, срок действия до 08.12.2019 г.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.



Истра, 9 декабря 2014 г.

KZ

Ресейде жасалған Hydro Multi-E сорғылық қондырғысы Кеден Одағының «Машиналар және жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011) «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Техникалық заттардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU C-RU.АИ30.В.00638 жарамдылық мерзімі 26.03.2019 жылға дейін.

Сорғы қондырғысы 3631-002-59379130-2005 ТТ-на сәйкес дайындалды.

«Сертификаттың Иванов Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» сертификация бойынша органымен берілген, 20.06.2014 жылдан № РОСС RU.0001.11АИ30 аккредитациясының аттестаты, аккредитация бойынша Федералды қызметпен берілген, мекен-жай: 153032, Ресей Федерациясы, Ивановск обл., Иваново қ., Станкостроитель көш., 1-үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Hydro Multi-E сорғылық қондырғысы Кеден Одағының «Машиналар және жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011) «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Техникалық құралдардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011), техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU C-DK.АИ30.В.01172 жарамдылық мерзімі 08.12.2019 жылға дейін.

«Сертификаттың Иванов Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» сертификация бойынша органымен берілген, 20.06.2014 жылдан № РОСС RU.0001.11АИ30 аккредитациясының аттестаты, аккредитация бойынша Федералды қызметпен берілген, мекен-жай: 153032, Ресей Федерациясы, Ивановск обл., Иваново қ., Станкостроитель көш., 1-үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Касаткина В. В.
Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, г. Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2, 10 этаж,
офис XXV. Бизнес-центр «Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564-88-11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: 7 (375 17) 286-39-71
E-mail:
minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Қазақстан Республикасы,
KZ-050010 Алматы қ.,
Кек-Тебе шағын ауданы,
Қыз-Жібек кешесі, 7
Тел.: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail:
kazakhstan@grundfos.com

98881640 0615
ECM: 1161572